

5

Ауаны жақсарту жоспары: электробустар, көгалдандыру және табиғи газ



6

Өңіріміздің төрт ұстазы «Үздік педагог» атанды



16+

DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ



1931 жылдың 24 қазанынан шығады №44 (18552) 30 қазан 2025 жыл WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

11

ҰЛТТЫҚ АТ СПОРТЫНА
СЕРПІН БЕРЕТІН НЫСАН
САЛЫНУДА



14

«Алтай» Премьер-лигаға жолдама алды



28

«Халық заңгері»: тегін құқықтық көмек күні



#ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Барлық азаматтардың парызы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алуға, анықтауға, олардың жолын кесіп, ашуға, олардың зардаптарын жоюға және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, соған байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ, жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді. Мемлекеттік билік пен басқару органдары қызметінің түрлі бағыттарындағы сыбайлас жемқорлық проблемасы қазіргі уақытта жаһандық әрі жүйелі сипатқа ие болды. Ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндірді. Елімізде демократия және азаматтық қоғам институттарының дамуына, азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыруына кедергі келтіруде. Қоғамдық дерт экономиканың, қаржы жүйесінің және жалпы Қазақстан Республикасының барлық инфрақұрылымының дамуына теріс әсер етеді. Осы және басқа да проблемалар мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімді тетіктерін қалыптастыруға негіз болмақ. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің басынан бастап елімізде мемлекеттік билік жүйесінде де, оның жекелеген сәттерінде де сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жарияланды.

#ҚҰҚЫҚ

Сотта кімдер жұмыс істейді?

Сот жүйесінде түрлі мамандар қызмет етеді. Олардың қатарында: төраға, судья, сот әкімшісінің басшысы, сот отырысының хатшысы – бас маман, бас маман, сот приставы және жетекші маман қызметтері бар. Әр лауазымның өзіндік жауапкершілігі мен талаптары бар.

Судья – сот билігінің негізгі тұлғасы. Бұл лауазымға үміткер жоғары заң білімі және кемінде бес жыл кәсіби еңбек өтілі бар, судьялық емтиханнан өткен, медициналық тексеруден және тағылымдамадан өткен азамат болуға тиіс. Судьялар ант беріп, өз қызметінде бейтараптықты, әділдікті және адалдықты басты қағида етеді. Сот әкімшісінің басшысы лауазымына жоғары білімі бар тұлға тағайындалады. Бұл қызметке кандидатураны Сот әкімшілігі департаментінің басшысы тағайындайды. Тағайындалғаннан кейін сот әкімшісінің басшысы тиісті соттың төрағасына тікелей бағынады. Сот отырысының хатшысы – бас маман сот отырысының хаттамасын жүргізеді, сондай-ақ аудио және бейнежазбаны қамтамасыз етеді. Оның құқықтары мен міндеттері заңмен реттеледі. Бас маман сот ісін жүргізуді қамтамасыз етеді. Оның міндеттері – істер мен материалдар бойынша электронды есеп жүргізу, азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу, мемлекеттік статистикалық есептерді дайындау және басқа да іс-шаралар. Сот приставы сот ғимараттарының және үй-жайлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, сотқа келуден жалтарған адамдарды ертіп әкеледі, қамаудағы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша конвой қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасайды, өз қызметі туралы есеп дайындайды және басқа да міндеттерді атқарады. Жетекші маман сот істерінің номенклатуралық тізімдерін және журналдарын жүргізеді, оларды сот мұрағатына өткізеді, архивке қабылданатын істердің тізімдерін жасайды, мемлекеттік архивке тапсыру үшін құжаттардың сипаттамасын әзірлейді, сондай-ақ жоюға жататын істерді сұрыптау және дайындау жү-

Парақорлыққа қарсы іс-қимыл – мемлекеттің қазіргі заманғы қылмыстық-құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі. Бұл ретте Дүниежүзілік банктің анықтамасы жиі келтіріледі. Мәселен, сыбайлас жемқорлық – бұл жеке басының пайдасы үшін мемлекеттік билікті теріс пайдалану. Жиі келтірілетін тағы бір анықтама – «сыбайлас жемқорлық» – бұл жеке баю мақсатында лауазымды тұлғаға жүктелген өкілеттіктерді теріс пайдалану. Сыбайлас жемқорлықтың ең көп таралған түрі – пара алу және пара беру. Бұл мемлекеттің мүддесі мен биліктің беделіне айтарлықтай зиянын келтіріп, нарықтық экономикаға кесірін тигізеді. Пара беру оны алумен тығыз байланысты. Егер пара берілмесе, пара алу мүмкін емес. Тиісінше, егер пара нысанасы болып табылатын материалдық құндылықтарды немесе мүліктік сипаттағы пайданы лауазымды адам қабылдамаса, пара берудің аяқталған қылмысы бола алмайды. Парақорлық – бұл барлық деңгейдегі мемлекеттік биліктің барша тармақтарына енетін мәселе. Жемқорлық деңдеген мемлекет өз беделін түсіреді. Ал азаматтар мемлекеттік билікке деген сенімді жоғалтады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды және оның себептерін жоюды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті тоқтатпауды (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын анықтау, алдын алу, жолын кесу, ашу және жою), салдарын барынша азайтуды және жоюды қамтиды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз қызметі шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Альбина Кушпаева,
Өскемен қалалық мамандандырылған тергеу сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы



мыстарымен айналысады. Сот отырысының хатшысы-бас маман, бас маман, сот приставы және жетекші маман лауазымдарына жоғары заң білімі бар азаматтар тағайындала алады. Барлық сот қызметкерлері мінсіз іскерлік беделге ие болуы тиіс, ал судьялар – жоғары моральдық және адамгершілік қасиеттерге ие болуы қажет. Сот жүйесінде жұмыс істейтін мамандар қолданылып жүрген заңнаманы терең білуі керек, іс жүргізу барысында тараптарға бейтарап болып, тек заң аясында әрекет етуі қажет, үлкен көлемдегі ақпаратты талдап, дәлелді шешім қабылдау қабілетінің болуы маңызды, сот процесіне қатысушылармен тиімді қарым-қатынас орната білуге тиіс. Сот саласының мамандарына ерекше жауапкершілік жүктеледі: олар кәсіби этиканың жоғары стандарттарын сақтауға міндетті. Мамандар істердің әділ, уақтылы және білікті қаралуын қамтамасыз етіп, қоғамдағы заңдылық пен тәртіптің сақталуына үлес қосады. Олардың жұмысы жоғары кәсіби дайындықты, заңдар мен этикалық нормаларды қатаң сақтауды, сондай-ақ объективті және бейтарап талдау жүргізу қабілетін талап етеді.

Роза Ахметжанова,
Өскемен қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының сот әкімшісі басшысы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Самар орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Самар орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қайыңды орманшылығы жерінде жалпы ауданы 159 га орман дақылдарын құру» жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміне қоғамдық тыңдауларды ашық талқылау түрінде өткізілетінін хабарлайды. Қоғамдық талқылаулар 10.11.2025 жылдан бастап 21.11.2025 жылға дейін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында өтеді, <https://ndbecology.gov.kz/>, мұнда сіз жобалық құжаттамамен таныса аласыз. Барлық ескертулер мен ұсыныстар құжаттама жарияланғаннан кейін он жұмыс күні ішінде 10.11.2025 ж. бастап қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды. Бастамашысы: Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Самар орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН000540002310, ҚР, ШҚО, Самар ауданы, Самар ауылы, Астана к-сі, 102 ғимарат. Жобалық құжаттаманы өзірлеуші: «ГеоСхема» ЖШС, БСН: 130640013158, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Карл Либкнехт к-сі, 40 үй. Тел. 8(777)765-97-77, электрондық пошта: geoshema@mail.ru Жергілікті атқарушы орган: «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7232) 25-70-82.

#АУДИТ

ШҚО бойынша ІМАД 2025 жылдың III – тоқсандағы камералдық бақылау нәтижесі

ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен 2025 жылдың III-тоқсанында жалпы сомасы 217 млрд. теңгені құрайтын 19 мыңнан астам сатып алулар рәсімін камералдық бақылау қамтамасыз етілді. Нәтижесінде, 29 млрд. теңге сомасына бұзушылықтарды жою туралы 1350 хабарлама жіберілді. Талдау көрсеткендей, жиі кездесетін бұзушылықтарға стандарттарды көрсетпеу, мерзімдерді көрсетпеу, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасын орналастырмау, заңда көзделмеген жағдайларда үлгілерді, тауар белгілерін және қызмет көрсету белгілерін көрсете отырып, сатып алу затына сай дұрыс емес демингтік көрсеткішті белгілеу және басқа бұзушылықтар табылады. Тікелей шарт жасау арқылы бір көзден сатып алуы жүзеге асырған жағдайда тапсырыс берушілер «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі No106-VIII ҚР Заңының 16-бабында көзделген тиісті негіздерсіз бұл әдісті таңдауға жиі жол береді. Жекелеген жағдайларда, хабарламаларды орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін лауазымды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық туралы 35 іс қозғалған.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті мен ішкі аудит қызметтерімен өзара әрекеттесу туралы

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР Заңына сәйкес, ішкі аудит қызметтерінің қызметін үйлестіру мақсатында ШҚО бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) ШҚО әкімі аппаратының және ШҚО полиция департаментінің Ішкі аудит қызметтеріне тұрақты негізде консультациялық көмек көрсетеді. Сонымен бірге Департамент Ішкі аудит қызметтерінің ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу стандарттары мен ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады. 2024 жылы ШҚО әкімі аппаратының ішкі аудит қызметі 40 аудиторлық іс-шара өткізді (білім беру, денсаулық сақтау, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, Ауыл шаруашылығы саласында). ШҚО полиция департаментінің Ішкі аудит қызметі қылмыстық-атқару жүйесі саласында бір аудиторлық іс-шара өткізді. Департамент Ішкі аудит қызметінің 40 материалының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкестігіне сапасына бақылау жүргізді, оның қорытындысы бойынша 40 материал ескертулермен сәйкес деп танылды (2023 жылға 11 материал, 2024 жылға 29 материал). 2025 жылға ШҚО әкімі аппаратының ішкі аудит қызметі 20 аудиторлық іс-шара өткізуді жоспарлады. Бүгінгі күні ағымдағы жылдың тоғыз айында ШҚО әкімі аппаратының ішкі аудит қызметі материалдарының сапасына бақылау жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша 13 аудит материалы ескертулермен сәйкес деп танылды, бір материал мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес келмейді (2024 жылға 8 материал, 2025 жылға 6 материал).

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ

ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7232) 75-28-22, 87772397682

MARKETING@ALTAINNEWS.KZ